

«№23 «Ынтымақ» бөбекжай- бақшасы педагогикалық ұжымының әдістемелік кеңес отырысының

№1 хаттамасы

10.09.2024 жыл.

Жиналыс төрайымы: Кошкельдеева.Г.С.

Жиналыс хатшысы: Имангалиева.Г.Т.

Қатысқандар: 18 педагог.

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылына әдістемелік мақсат, міндеттерімен танысу.
2. Топ құжаттарын қарау, түзету, бекіту.
3. Алдағы өтетін шараларға ұсыным беру.


Тыңдалды: әдіскер Гүлнафис Салауатқызы балабақша педагогтарын 2024-2025 оқу жылына әдістемелік кеңес жұмысының мақсат, міндеттерімен таныстырды. Әдістемелік кеңеске балабақша педагогтары қатысты. Балабақшаның жылдық жоспары негізінде айлық жоспар құрылды. Айлық жоспарда жылына төрт әдістемелік кеңес өтеді. Әдістемелік кеңесте топтағы мәселелермен топ құжаттары қаралды. Балабақшаның жоспарындағы өтетін шараларды, оған жауапты педагогтарды өз жұмыстарымен таныстырды. Алдағы жоспарлы шараларды тәрбиешілермен бірге талқылады. Айдағы жоспардың шаралары уақытылы орындауға келісті.

Сөйледі: тәрбиеші Гүлжихан Ғибадатқызы балабақшаның мақсат міндеттерімен таныстық. Айлық жоспар бойынша ашық есік күндері әр топта уақытылы өтуде. Осы ашық есік күндеріне ата-аналар келгенде бір күндік балабақшаның өмірімен танысады. Ата-аналар жиналысы, хаттамалары түгелдей жазылуда.

Сөйледі: әдіскер Гүлнафис Салауатқызы алдағы шараларды жоспарлы түрде өтеді. Қалалық байқаулар, онлайн конкурстарға катысамыз.

Қаулы етілді:

1. Ашық есік күні жоспарлы өткізілсін
2. Топтағы дамытушы ойындар толықтырылсын.

Жиналыс төрайымы:  Кошкельдеева.Г.С.
Жиналыс хатшысы:  Имангалиева.Г.Т.

«№23 «Ынтымақ» бөбекжай- бақшасы педагогикалық ұжымының әдістемелік кеңес отырысының

№2 хаттамасы

06.01.2025 жыл.

Жиналыс төрайымы: Кошкельдеева.Г.С.

Жиналыс хатшысы: Имангалиева.Г.Т.

Қатысқандар: 19 педагог.

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

1. Кеңес: «Мектеп жасына дейінгі баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту»
2. Жана жыл топтар арасында өткен ертенгілікті қорытындылау.
3. Жаңаша бағыттағы «ұлттық ойындар»

Тыңдалды: әдіскер Гүлнафис Салауатқызы әдістемелік кеңес жоспары бойынша бірінші мәселе бойынша Кеңес: «Мектеп жасына дейінгі баланың логикалық ойлау қабілетін дамыту». Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда карапайым математиканың алғашқы ұғымдарын ойын арқылы үйретудің, заттарды әр түрлі геометриялық пішіндерден құрастырудың, ауызша есеп шығарудың, көру арқылы салыстырудың, қиялдаудың, жұмбақтар жаттаудың маңызы өте зор. Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады. Бұл балалардың түрлі мазмұнды есептерді шығаруда, есептің шартын құра білуге калыптастырады. Бір есептің бірнеше шешімдерін табуға жетелейді. Әрбір сабақ қызықты есептермен аяқталып, логикалық есептер балалардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсуі қажет.

Екінші мәселе бойынша Жаңа жыл топтар арасында өткен ертенгілікті қорытындылау топтар арасында ертенгіліктер кесте бойынша өтті. Кейіпкерлер өз дәрежесінде рөлдерді еркін ойнады. Жана жылға арналған такпақтар, өлеңдер, мың бұралған билер биледі.

Үшінші мәселе бойынша: «Жаңаша бағытта ұлттық ойындар» Біз ұлттық ойындарды жаңаша бағытта қолдана отырып балалардың ой-өрісін жетілдірумен бірге өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу қажеттілігін арттырудамыз. Ұлттық ойындарды ұйымдастырылған оқу қызметінде және тәрбие үрдісінде пайдаланудың озектілігі тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар акпаратта, жана технологияны қолдану арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.


Сөйледі: Гүлайна Карापиденқызы тәрбиеші ұлттық ойын баланың ой-өрісін, сөздік қорын дамыту барысында жұмбақ айтыс, санамақ айту, жанылтпаш айта білу ойындарын да ұйымдастыруға болады. Ойын қызықты болу үшін ойынды әнмен, күймен безендіріп

отыру керек. Әсіресе, қуыршақ ойындарында ұлттық тәрбиені қалыптастыра білудің тәрбиелік мәні зор. Сонымен қатар баланың тіл байлығы артып, сөздік қоры толығады. Қуыршақты «сөйлету» арқылы өзінің көп тапқыты жаттап, талай ертегі көрінісін бейнелі ойнап үлгергенін байқамай да қалады. Қуыршақ ойындарының тәрбиелік тиімділігі тәрбиешінің ұйымдастырушылық қабілетіне байланысты.

Қаулы етілсін:

- 1.Топ құжаттары уақытылы бекітілсін.
2. Ұлттық ойындар жаңаша бағытта жасақталсын.

Жиналыс төрайымы:  Кошкельдеева.Г.С.

Жиналыс хатшысы:  Имангалиева.Г.Т.